

Бекітемін

«Nursultan 77»

менгерушісі



Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№1

Тәрбиеші: Ергалиева А.С.

2025-2026 оқу жылы

77 Nursultan балабақшасының
« Күлшуақ» мектепалды тобының
ата- аналар жиналысының
№I хаттамасы
Тәрбиеші: Ергалиева А.С.
2025-2026 оқу жылы

Хаттама №I

Тақырыбы: « Ата-ана мен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі»

Мақсаты: Отбасылық өмірдің рухани-адамгершілік негіздерін ашып көрсету.

Өткізілген күні: 26. 09.2025ж.

Қатысқан ата - аналар саны: 11

Қатыспағандар: 9

Ата-аналар жиналысының күн тәртібінде:

1. Достық шеңбері
2. Баяндама: Ата- анамен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі.
3. Әртүрлі сұрақтар.
4. Тренинг.
 1. Ата-аналар ортаға дөңгеленіп тұрып, бір-біріне жылы тілектер тіледі.
 2. Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ, яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселенің бірі. Біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет.

Мемлекетіміз келешекте жас ұрпақтың еліміздің азаматы болуы үшін денсаулығына, отбасына, ойынға, білімге деген құқықтарын толығымен қуаттап, қабілеттерін барынша жүзеге асыру үлкен жетістіктерге жетуде табанды болуын қалайды.

Бала тәрбиесі ана сүтімен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

3.Әртүрлі сұрақтар:

1.Балабақша режимі таңертең 8:00- 8: 45 ке дейін қабылданады. Кешке 18:30-ға дейін алып кету керек.

2. Балабақша төлемақысын уақытылы төлеп отыру керек.

3.Балабақшаға келмеген жағдайда сағат 8: 15 ке дейін ескерту керек.

4. Себепсіз балабақшадан қалмау керек.

5. Балалардың тазалығын қадағалау керек.

4. Ата- аналар комитетін сайлауға тәрбиеші ұсыныс тастады. Бір ауыздан келісіп, ата-ана комитеті Пазлова А. К. Көмекшісі: Жұбаньшева А.К ата-аналар комитетінің мүшесі болып сайланды. Ата- аналар бір ауыздан келісіп сайланды.

№ 1 Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналар балаларды уақытында келіп, уақытында алып кету керек екенін шешті
2. Ата-аналар балабақшамен, тәрбиешілермен тығыз қарым-қатынаста болатынын шешті.
3. Ата-аналар ға балабақша төлемақысын кешіктірмей толеуге, баланы себепсіз қалдырмау жүктелді.

5.Тренинг « Күн сәулесі»

ХАТТАМА

№2

ҚАТЫСҚАНДАР: 12 ата-ана

ТАҚЫРЫБЫ: Таныс болайық. (Сауалнама)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық тренинг
2. Ата-аналарға балабақшаның жылдық міндеттемелері, үлгілік оқу жоспарының, стандарттың өзгерістері мен күн тәртібімен таныстыру.
3. «Баланы балабақшаға бейімдеу» баяндама
4. Жалпы балабақша ата-аналар төрайымын сайлау

СӨЗ АЛҒАН: тәрбиеші Ергалиева А.С өзінің шығармашылық жұмыстары бойынша презентация жасады. Материалдары қосымша беріліп отыр.

1. ТЫҢДАЛДЫ

Балабақша меңгерушісі Табышова Л.Т. ата-аналарды жаңа оқу жылының басталысымен құттықтап өтті. Күн тәртібінде қаралатын мәселелерге тоқталып өтті.

БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

СӨЗ АЛҒАН: Балабақша медбикесі өзінің ата-аналарға дайындаған тренингін жүргізе отырып «Біз бір-бірімізді жақсы білеміз бе?» сауалнамасын жүргізді.

Сұрақтары: «Біз бір-бірімізді жақсы білеміз бе?»

1. Аты-жөніңіз:
2. Отбасыңыздың ең сүйікті тағамы (әкесі, анасы, баласы)
3. Бала кезіңіздегі сүйікті іс-әрекеттеріңіз! Ол өз балаңызда байқалама?
4. Жұмыстан келген соң ең алдымен не істейсіз?
5. Балаңыздың ең жақсы көретін қандай сапалық қасиеттері бар?
6. Өзіңіздің сүйікті мерекеңіз?
7. Сізді балаларыңыз қалай атағанды қалар едіңіз?
8. Өзіңіз және балаңыз қандай түстерді ұнатады?
9. Сіздің және балаңыздың ең жақсы көретін киімдері қандай?
10. Өзіңіз мектепте қандай пәнді сүйіп оқыдыңыз? Балаңыз қай бағытта икемді?
11. Сізді нендей нәрсе қуантады?
12. Бала тәрбиесінде негізгі мәселе не деп ойлайсыз?

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша сөз алған балабақша әдіскері Қыстаубаева Г.М балабақшаның үлгілік оқу жоспарының, стандарттың өзгерістерімен күн тәртібімен және жылдық міндеттемелерімен таныстырып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Белгіленіп, бекітілген балабақшаның күн тәртібіне сәйкес тәрбиеленушілерді кешіктірмей әкелу. Балабақшаның тәртіп ережесіне сай таза, ұқыпты киіндіріп, жеке басының гигиена талаптарын сақтау.

3. БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІСІ:

4. Ергалиева А.С. «Баланы балабақшаға бейімдеу» тақырыбында өз баяндамасына тоқталып өтті.

5. Ергалиева А.С. «Табан ізі» әдісі арқылы ата-аналар баланың есімінен басталатын әріптермен сипаттап берді.

6. **ТЫҢДАЛДЫ:** үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі ата-аналардың арасынан жалпы балабақша төрайымын сайлауға атсалысайық.

СӨЗ АЛҒАН: Хангелді Абдул Файз анасы сөз алып барлық топтардың ата-аналар төрайымдары болғанын қалар едік. Жиналысқа келген басқа ата – аналарда бірауыздан келісіп, қолдады.

СӨЗ АЛҒАН: бөбекжай меңгерушісі Л.Т. Табышова сіздер келісім берсеңіздер өздеріңізді жалпы балабақша ата-аналар төрайымы ретінде сайлаймыз.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Топтағы ата-аналар бірауыздан толық сайлансын.



Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

Тәрбиеші: Ергалиева А.С.

2025-2026 оқу жылы

№3 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Тобы: «Күншуақ мектепалды даярлық тобы

Қатысқандар: _11_ ата-ана

Қатыспағандар: _9_ ата-ана

Тәрбиеші: Ергалиева Айжанар Сейілханқызы

Күн тәртібі:

2025–2026 оқу жылының қорытындысы.

Балалардың мектепке даярлық деңгейі туралы ақпарат.

Жыл бойы көрсеткен қолдаулары үшін ата-аналарға алғыс білдіру.

Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Ергалиева Айжанар Сейілханқызы сөз сөйлеп, оқу жылының қорытындысымен таныстырды. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуындағы жетістіктері айтылды. Жыл бойы өткізілген мерекелік іс-шаралар, ашық оқу қызметтері, байқаулар мен ойын-сауықтар туралы мәлімет берілді.

Екінші мәселе бойынша балалардың мектепке даярлық деңгейі талқыланды. Балалардың көпшілігі оқу, жазу, санау, өз ойын жеткізу және өздігінен әрекет ету дағдыларын меңгергені атап өтілді. Ата-аналарға жазғы демалыс кезінде балалардың білімін бекітуге байланысты ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші ата-аналарға оқу жылы бойы көрсеткен қолдаулары, ынтымақтастықтары және балабақша өміріне белсенді қатысқандары үшін алғыс білдірді. Балалардың болашақта мектепте жақсы оқып, биік белестерден көрінуіне тілек білдірілді.

Үшінші мәселе бойынша: «Балабақшамен қоштасу»

Тәрбиеші Ергалиева Айжанар Сейілханқызы сөз алып, мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің балабақшамен қоштасып, мектеп табалдырығын аттағалы отырғанын атап өтті. Балалардың балабақшада өткізген уақытында көптеген білім, тәрбие және өмірлік дағдыларды меңгергені айтылды. Тәрбиеші балалардың жеткен жетістіктеріне тоқталып, олардың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығы, өзара қарым-қатынас мәдениеті, шығармашылық қабілеттері мен дербестік дағдылары қалыптасқанын жеткізді. Сонымен қатар, жыл бойы өткізілген тәрбиелік іс-шаралар, мерекелер, байқаулар мен ойын-сауық бағдарламалары балалардың жан-жақты дамуына оң әсер еткені атап өтілді.

Ата-аналарға балалардың мектепке баруы өмірлеріндегі маңызды кезең екені түсіндіріліп, жазғы демалыс уақытында балалардың күн тәртібін сақтауға, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға және мектепке психологиялық тұрғыдан дайындауға көңіл бөлу ұсынылды.

Тәрбиеші ата-аналарға балабақша мен отбасы арасындағы тығыз ынтымақтастық, қолдау және сенім үшін шынайы алғысын білдірді. Ата-аналар да өз кезегінде балабақша ұжымына, тәрбиешілерге балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы еңбектері үшін ризашылықтарын жеткізді.

Жиналыс соңында мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілеріне алдағы мектеп өмірінде сәттілік, жақсы оқу, зор денсаулық және биік жетістіктер тілеп, балабақшамен қоштасу рәсімі өткізілетіні хабарланды.

Қаулы:

Балабақшамен қоштасу іс-шарасын жоғары деңгейде ұйымдастыру.

Тәрбиеленушілердің мектепке бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында ата-аналарға тиісті ұсыныстар беру.

Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты оң бағалау.

Түлектерге алдағы оқу жолында сәттілік тілеу.

: Төртінші мәселе бойынша: «Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық. Баланың мектепке даярлық деңгейін анықтау»

Тәрбиеші Ерғалиева Айжанар Сейілханқызы балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықтың маңыздылығына тоқталды. Сабақтастықтың негізгі мақсаты – баланың мектепке жеңіл бейімделуіне жағдай жасау, оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру және мектеп өміріне психологиялық тұрғыдан дайындау екені айтылды.

Жиналыс барысында ата-аналармен балалардың мектепке даярлық деңгейіне байланысты сұрақ-жауап жүргізілді. Атап айтқанда, баланың әріптерді тануы, буындап оқуы, қарапайым математикалық есептерді шығаруы, өз ойын еркін жеткізуі, тапсырманы өз бетінше орындауы, үлкендер мен құрдастарымен қарым-қатынас жасауы, оқу құралдарын ұқыпты пайдалануы және мектеп тәртібіне бейімделуі жөнінде пікір алмасылды.

Тәрбиеші әр баланың жеке даму ерекшеліктеріне тоқталып, олардың мектепке дайындығы туралы ақпарат берді. Сонымен қатар ата-аналарға жаз мезгілінде балалармен бірге кітап оқу, есте сақтау мен ойлау қабілеттерін дамытуға арналған ойындар ойнау, ұсақ қол моторикасын дамыту жұмыстарын жалғастыру ұсынылды.

Ата-аналар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мектепке қабылдау, оқу процесі және баланың бейімделуі туралы қажетті ақпарат алды.

Қаулы:

Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық жұмыстарының маңыздылығы ескерілсін.

Балалардың мектепке даярлығын дамыту жұмыстары отбасында жалғастырылсын.

Ата-аналарға баланың мектепке психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дайын болуына қолдау көрсету ұсынылсын.

Қаулы:

2025–2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

Балалардың мектепке даярлық деңгейі жақсы деп бағалансын.

Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі мен дамуына көңіл бөлінуі ата-аналарға ұсынылсын.

Ата-аналарға оқу жылы бойындағы ынтымақтастықтары үшін алғыс жариялансын.

